



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2022 жылғы 5 мамырдағы

№ 183

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

Қазақстан Республикасы
Президентінің 2022 жылға
арналған стипендиясын жоғары
және (немесе) жоғары оқу
орнынан кейінгі білім беру
ұйымдары арасында бөлу
туралы

«Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы № 1134 қаулысының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Осы бүйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылға арналған стипендиясын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі - ЖЖОКБҰ) арасында бөлу бекітілсін.

2. ЖЖОКБҰ-ның ректорлары Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын студенттер мен магистранттарға ЖЖОКБҰ-ның ғылыми қеңестері шешімдерінің негізінде тағайындастырылады.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бүйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Қаржы және бюджеттік жоспарлау департаменті көрсетілген стипендияны 1 қантардан бастап тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражаттар шегінде төлеуді жүзеге асырысын.

5. Осы бүйректың орындалуын бақылау жетекшілік етүші Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

6. Осы бүйрек алғашқы ресми жарияланған қунینен кейін қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі**

А.Аймагамбетов